

ӘОЖ 398:801.6

П. Бисенбаев

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: fazyl_bisenbaev@mail.ru

Әлидің романтизмі

Автор бұл мақаласында Орта Азияның ояну дәуіріндегі антропологиялық эстетика мәселесіне тоқталады. Ол қоршаған ортаның түрлі құбылыстарын, табиғатын және адам тұрмысын, оның шығармашылық мүмкіндіктерін антропологиялық жүйеде түсіндіру романтикалық әдебиеттің негізгі белгісі деп біледі. Сонымен бірге Құл Әлидің «Қисса Жүсібінен» бастап, ортағасырлық түркі әдебиетінде басты көркемдік әдіс- жалпыға ортақ шығыс романтизмі болғанын дәлелдеуге күш салады. Ізденуші осы пікірінің дұрыстығын көрсету үшін Ю. Нигматуллина, Х. Усманов, Ф. Фасеев, И. Конрад, Ш. Абилов сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектеріне иек артады.

Мақалада қайта өрлеу дәуірінің эстетикасына тән белгілер жан-жақты сөз болады. Мәселен, онда жердегі сұлулықтың көктегі сұлулық арқылы танылатындығы, Жүсіп портретін жасауда өсімдік пен жануарлар әлемінен алынған теңеулердің маңызды рөл атқаратындығы, алтын күміс сияқты қымбат дүниелердің идеялық эстетикалық қызметі, т.б. назардан тыс қалмайды. Күннің бейнесі, сәулесі, ай, алтын және күміс іспетті сөздердің қолданысқа түсуі шығыс қағидасына және оның әдебиетіне көрсетілген құрмет екені мәлім. Ғалым Тұрандық қолөнер шығыс әлемінде өзінің байлығымен, шеберлерімен танымал болғанын Отырар, Баласағұн маңында табылған заттар арқылы дәлелдейді.

Түйін сөздер: романтизм, эстетика, ренессанс, дастан, реализм, фантастика, синкретизм, психологизм, поэма, жанр, категория, философия, форма, образ, портрет, композиция, идея, пейзаж.

П. Бисенбаев
Романтизм Али

В этой своей статье автор рассматривает проблему антропологической эстетики в эпоху возрождения Центральной Азии. Он утверждает, что объяснение в антропологической системе различных явлений окружающей среды, ее природы и жизни человека, его творческих возможностей является основным признаком романтической литературы. Вместе с тем пытается доказать, что, начиная с "Кисса Джусуп" Кул Али, в средневековой тюркской литературе главным художественным методом служил всеобщий восточный романтизм. Для того чтобы показать правдивость этого своего утверждения, соискатель опирается на исследовательские труды учёных Ю. Нигматуллина, Х. Усманова, Ф. Фасеева, И. Конрада, Ш. Абилова.

В статье всесторонне рассматриваются черты, присущие эстетике эпохи возрождения. Например, здесь не остаются без внимания то, что земная красота познаётся через небесную красоту, при создании портрета Жусупа важную роль играют сравнения, основанные на сопоставлении с миром растений и животных, идейно-эстетическая функция драгоценностей, как золото, серебро и др. Известно, что употребление слов, как образ солнца, луч солнца, луна, золото и серебро, представляет собой почёт, оказываемый восточному изречению и литературе. Предметами быта, найденными вокруг Отырар, Баласағұн, учёный доказывает, что туранское ремесло в восточном мире стало известным своим богатством, своими мастерами ремесел.

Ключевые слова: романтизм, эстетика, ренессанс, дастан, реализм, фантастика, синкретизм, психологизм, поэма, жанр, категория, философия, форма, образ, портрет, композиция, идея, пейзаж.

P. Bisenbayev
Romanticism Ali

In this article the author examines his anthropological problem of aesthetics in the age of rebirth Central Asia. He argues that the system of anthropological explanation of the various phenomena of the environment, its nature and human life, its creative possibilities is the main feature of romantic literature. At the same time, author trying to prove that since "Kiss Dzhusupov" Cool Ali, in the medieval Turkic literature mainly served by universal artistic oriental romanticism. In order to show the truth of this his assertion applicant relies on research works of scientists Yu. Nigmatullina, H. Usmanova, F. Faseeva, I. Konrada, Sh. Abilova.

The article comprehensively considered the features inherent in the aesthetics of the era of rebirth. For example, it does not remain without attention that the Earth's beauty is known through the heavenly beauty, when creating a portrait Zhusup play an important role comparisons based on a comparison with the world of trees and animals, ideological and aesthetic function of jewelry like gold, silver, etc.

Key words: Romanticism, aesthetics, renaissance, dastan, realism, fantasy, syncretism, psychology, poem, genre, category, philosophy, shape, image, portrait, composition, idea, landscape.

Сопылар мен Сократ ашқан антропологиялық эстетика Орта Азияның ояну дәуіріне дейін ұзақ даму жолынан өтті. Әрбір тарихи кезең мен қоғамдық даму сатылары түрлі мазмұнға ие болды. Феодалдық формацияның билеуші өкілдері мен ислам идеологиясы біреулердің бай болып, екіншілердің жоқшылық күй кешуі адам табиғатына негізделеді деп тұжырымдады. Қайта өрлеу дәуірі философиясының, ғылымы мен әдебиетінің өкілдері бұл пікірмен келіспеді және әлеуметтік бөлінісіне, ұлтына, дініне қарамастан күллі адамзаттың антропологиялық бірлігі идеясын қарсы қойды. Адамның антропологиялық маңызы, оның шығармашылық мүмкіндіктерге сенімі Омар Хайямның мына сөзінде анық айтылған: «Біздің мақсатымыз әлемдегі биік шыңмен тең». Жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін әлемнің тұтқасы санаған Саади Ширази XIII ғасырдың өзінде былай жазған:

Адамзаттың баласы – біртұтас
Тозаннан жаратылған.
Дененің бір бөлігі жараланса да
Барлық денен қалтырайды.
Ешуақытта адамзат мұңы үшін қайғыра алмасаң,
Халқың сені қалай қадір тұтпақ

Қайта өрлеу дәуірінің антропологиясы, яғни адам табиғатынан тамаша нәрсе табуға ұмтылу Әлидің «Қисса Жүсіп» поэмасында көрініс тапқан. Автор ислам схоластикасының теоцентризмнен біржола бас тартпаса да, тарихи дамудың негізі «адамда» деп таниды. XII-XIII ғасыр басындағы түркілердің қоғамдық өмірін және сол дәуір адамдарының болмысын көп зерттеген Құл Әли адамды «бар нәрсенің өлшемі» ретінде түсіндіреді.

Қоршаған ортаның құбылысын, табиғатын және адам тұрмысын, оның шығармашылық мүмкіндіктерін антропологиялық жүйеде түсіндіру – романтикалық әдебиеттің негізгі белгісінің бірі. Осымен байланысты Ю.Г. Нигматулина: «Жазушы дүниетанымындағы антропология, яғни халық әдебиетінде қандай қалыпта көрініс тапса да, адамның мәңгілік болмысынан тамаша құбылысты іздеу көбінесе шығармашылықтың романтикалық түрінің негізі болып шығады екен», – деп жобалайды [1,152]. Шынымен де, «Қисса Жүсіп» дастанының негізгі кейіпкерлерінің – Жақыптың, Жүсіптің, Зыли-

ханың өзара қарым-қатынасы адам болмысының шынайы, аса өнегелі заңдарының көрінісі ретінде романтикалық антропология рухында бейнеленген. Құл Әли Жүсіптің ақыл-парасатын суреттейді, мұнда Зылиханың махаббаты нақты өмірге жақын, табиғи. «Қисса Жүсіп» дастанының дәл осы тұсы қайта өрлеу дәуірінің романтизмі ретінде оның көркемдік әдісіне айналғанын айтуға мүмкіндік береді.

Кейінгі зерттеушілер Құл Әлидің «Қисса Жүсіп» дастанының әдеби әдісі туралы әрқандай тоқтамға келіп жүр. «Татар поэзиясының антологиясына» Х. У. Усмановтың жазған алғы сөзінде: «Құл Әли шығармасы – ортағасырлық татар әдебиетіндегі махаббат тақырыбына жазылған бірінші романтикалық поэма» [2, 202]. «Бұрынғы түрікмен әдебиеті» оқулығында «дастанның кейбір эпизодтары реалистік қалыпта, ал кейбірі романтикалық үлгіде жазылғаны» айтылады. Ф. Фасеев бұл поэманың көркемдік әдісі мен жанрын екі арнада: романтикалық-психологиялық және естелікті-дастандық бағытта қарастыру мүмкіндігін жоққа шығармайды. М.Залялиева «Қисса Жүсіп» дастанында дәріптеу принципі басым деп есептейді. Ш.Абилов Құл Әлидің «Қисса Жүсібінен» бастап, ортағасырлық татар әдебиетінде негізгі көркемдік әдіс – жалпыға ортақ шығыс романтизмі болды деген тұжырымға келеді. [3, 18]

Құл Әли туралы көлемді мақалалардың авторы әдебиетші Н. Хисамов басқа пікір ұстанады. Ол «Қисса Жүсіп» поэмасының әдеби әдісін қайта өрлеу дәуірінің романтизмі немесе романтизм әдісі ретінде қабылдауға келіспейді [4, 178]. Н. Хисамовтың көзқарасы бойынша Құл Әли шығармасының әдеби әдісі синкретті: әрі реалистік, әрі фантастикалық. Поэмадағы психологизм элементтері мен кейіпкерлер іс-әрекетінің суреттемесі реалистік болып есептеледі. Поэманың әдеби әдісін шартты түрде «символдық» деп атасақ орынды болар еді», – дейді ол [4, 200].

Басқа зерттеулерге қарағанда, Н. Хисамовтың Әли дастанының әдеби әдісі туралы пікірінде қайшылық көп. Біз академик И. Н. Конрадтың концепциясына иек арта отырып, «Қисса Жүсіп» дастанының әдісін қайта өрлеу дәуірі романтизмі деп білетін ғалымдардың тұжырымдарына қосыламыз. И. Н. Конрад түрлі

ұлттық әдебиет үлгілеріне салыстырмалы талдау жасап, Ш. Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» шығармасын Фирдоусидің, Низамидің, Навоидің, Ариосто мен Тассоның поэмаларымен қатар қарастырып, қайта өрлеу дәуірі әдебиетінде ерекше романтикалық жол – ренессанс романтизмінің болғанын алға тартады [5, 96].

Қайта өрлеу дәуірі романтизмінің ең үздік шығармалары, негізінен, әлем әдебиеті қорына зор табыспен енді. Антикалық дәуірден бастап бері қарай романтикалық өнер бейнесінің нысаны – кереметтік категориясы еді. Қайта өрлеу дәуірінде ол аса жоғары мәнге ие болды. Адами жаңа платоншылыққа негізделген қайта өрлеу дәуірі романтизмінің әдебиеті адамдағы сұлулықтың маңызды белгілерімен ерекшеленеді: олар адамның ішкі-сыртқы бітіміне, оның мақсаттылығына, сезіміне, ақылы мен әрекетінің айқындығына иек артады.

Кемелділіктің жоғары өлшемі деп ақын ажары келісті, жан-жақты білімді және рақымды адамды айтады. Адам табиғатының биік болмысы Жүсіп бейнесінде жинақталған. Оның «Көркем Жүсіп» деген аты әлем әдебиетіне тегіннен -тегін енген жоқ. Жүсіптің ішкі жандүниесі мен сыртқы келбетінің сұлулығы ренессанс философиясы рухында түсіндіріледі. Грек, Шығыс платоншылары үшін нағыз керемет жаратылыс адам болса, Әли үшін де солай.

«Қисса Жүсіп» дастанындағы кереметтік категориясын беру формасы әртүрлі. Бұл Жүсіптің ақылы, дене сұлулығы, білімділігі, адамгершілік тазалығы, әділеттілігі, сонымен бірге оның туысқандары мен мысырлықтарға жасаған игі істері.

Жүсіптің сыртқы сұлулығын Әли дәстүр шеңберінде суреттейді. Ол бұрынғы түркі фольклоры мен Шығыс романтикалық поэзиясында қолданылған образ жасау әдісін пайдаланады.

Қасыңның бұралаңы туған айдай,
Тісің інжудей жалтылдайды.
Шашың жұпар судың тұнбасындай,
Өзім өрсем арман жоқ,
Келбетің құйып қойған лағылдай.
Иегің алмадай сұлу,
Ернің балдай, сөзің тәтті.
Қызыл ернің демі жүрегімді өртейді,
Саусақтарың сүйіктей,
Тырнақтарың меруерттей жарқырайды.
Алақаның аппақ әрі жібектей жұмсақ.[6]

Көріп отырғанымыздай, Жүсіп портретін жасауда өсімдік және жануарлар әлемінен

алынған теңеулер, байланыстар маңызды рөл атқарады (қасы – ай, тісі – інжу, тырнағы – маржан, қолы – жібек, шашы-жұпар су, иегі-алма, ерні-бал, саусағы-бұтақтай сүйрік). Теңеулер тізімі терең шеберлікпен жасалған. Олар ортағасырлық Шығыс поэзиясына тән белгі-бейнелермен ерекшеленеді.

Әлидің ұнамды эпитеттері – «күн дидарлы», «айдай» сөздері дастанда көптеп кездеседі. Ғашығының сұлулығына тамсанған Зылиха: «Оның жүзі толған айдай жарық», – дейді. «Айдай» етіп автор Зылиханы да суреттейді:

Тамаша Зылиха туралы сөз айтамын
Айдай дидарын мақтаймын. [6]

Ай мен күннің бейнесімен автор кейіпкерлердің келбетін салыстырып қана қоймайды, олардың психологиялық күйін де береді. Ағалары аяусыз соққанда Жүсіп оларға:

Өлтіргілерің келсе – қазір-ақ құртыңдар,
Менің айдай жүзім солсын. [6]

Жүсіпке ғашық болған Зылиханың қайғылы образын жасауда эмоционалды-эстетикалық перде үшін де «ай» сөзімен қолданылған эпитет ең басты суреттеу әдісі болып табылады:

Қайғыдан Зылиха ұйқыдан айрылды,
Айдай дидары реңі қашқан.
Тамақтан дәм татпады,
Күні-түні көз алдында – Жүсіп. [6]

Қайта Өрлеу дәуірі эстетикасы жердегі сұлулық тек көктегі сұлулық арқылы ғана танылады деп тұжырымдайды. Осы себептен Қайта Өрлеу дәуірі ақындарының шығармаларында адам табиғаты ғарышпен тең немесе одан жоғары қойылады. Шығармашылық адамдарының жаңа платоншылдық бейне мен адам әсерінен туған ғарыштық бейнелерге ұмтылысы осыдан. Мысалы Жүсіптің сұлулығы алдында күн мен ай ұялып, қызарады, сұлулығы көпес Мәлік Дұғардың уысына еніп, жерге кірген гауһардан жауған жаңбырдың, інжу маржан күннің бейнесінде беріледі. Қиын кездері Жүсіп адам секілді ренжіп, ашуланып, лағнат жаудыра алатын аспаннан көмек сұрайды. Әли дастанындағы ғарыштық бейнелермен берілген сұлулықты сезіп, қолмен ұстап білуге болады.

Дастанда Жүсіп сұлулығы ренессанс гуманизмі рухында адам бейнесіне көшірілген, әсіреленген. Күн, ай және он бір жұлдыз Жүсіптің сұлулығына табыну үшін аспаннан жерге түседі.

Ай мен күннің жарқылын түсімде көрдім,
Әлемнің он бір жұлдызын биікте көрдім,
Бәрі маған бас иіді. [6]

В.В. Бычков «Нұр мәселесі барлық елдегі халықтардың, атап айтқанда, Шығыста да, грек-рим аумағында да дүниетаным жүйесінде маңызды рөл атқарды» [7, 68], – деп жазады. Дүние туралы теория Ибн Синаның философиялық еңбектері мен әдеби шығармаларында көрініс тапты. Нұр туралы діни-философиялық білімді сопылық ойшыл Сухраварди (1155-1191) дамытты. Оның ілімі бойынша, «Әлемде бар сұлулық, кемелділік, жомарттылық та нұрдан туындайды».

Нұр эстетикасы шығыс әдебиетінің әдеби қағидаларына үлкен әсерін тигізді. X ғасырдың өзінде қытай тілінен түрік тіліне «Алтын жарық» деген атаумен дүниетаным эстетикасына енетін діни-өсиетті шығарма аударылады. Қайта өрлеу эстетикасында нұр бейнесі маңызды орын алады. Ж. Баласағұнның «Құтадғу білігінің» негізгі кейіпкері күнге байланысты есімге ие – Күнтуды (күн көтерілді) [8, 177].

Істе ол әділ, катал, бірбеткей,
Сөзге шыншыл, рухы биік.
Көктегі күн мен айдай жарқырап,
Бәрінің бастамасы Күнтуды болды.

Әлидің «Қисса Жүсіп» дастанындағы нұр эстетикасының ізі айқын. Автор Жүсіптің сұлулығын «нұрлы жүзді» деп қайталап отырады. Мысалы, Жүсіп келбеті дүниеге күннен 100 мың есе көп нұрын шашады, нұрлы бет-жүзі күннің жарығынан асып түседі, оның сұлулығынан дүние тасқыны көкке көтеріледі.

Жүсіп сұлулығы жер мен көкті байланыстыратын күн сәулелерінің көз шағылыстырардай нұр шығаратын ағыны ретінде суреттеледі. Терең құдықта да Жүсіп сұлулығы мындаған күн сәулесінің ағынымен жарқырайды. Осы сұлулығымен Жүсіп Нілге шомылған соң да әлемге жарық береді:

Жүсіп пайғамбар көңілді, қуанышты келді,
Келбеті жүз есе жарқырайды.
Жарқыл оның түсті халатына сәуле береді.
Айналаның бәрі жайнай түсті. [6]

Эманация туралы жаңа платоншыл ілімнің негізіне енген жарық бейнелер шығыс философиясының бөлінбес бөлшегі болып табылады. Нұрлы символға бұрыла қарай отырып, шығыс ойшылдары бар дүниенің тылсым сырлары мен себептерін білуге тырысты. Олардың филосо-

фиялық көзқарастары Шығыстық қайта өрлеу дәуірінде өмір сүрген ақындар тәжірибесінде де болды.

«Қисса Жүсіп» дастанында кең қолданылатын нұрлы бейнелер Құл Әлидің «философиялық жарық берудің» білгірі болғандығын көрсетеді. Сәуле шашушы сұлулықтың биік көрінісі – миллиондаған күн сәулесі жібінен тоқылған Жүсіп бейнесі. Періште Жебірейілдің нұрымен қосылған және жіңішке жарық жіппен көкке көтерілген Жүсіп бейнесі Әлидің тұрмысқа деген даралық көзқарасын білдіреді.

«Қисса Жүсіп» поэмасының әдеби құрылымында нұрлы күн ұғымымен бірге алтынмен байланысты бейнелер де маңызды рөл атқарады. Ерте кезде сәуле күн бейнесі ретінде қабылданды.

Құл Әли дастанында алтынның идеялық-эстетикалық қызметі әрқилы. Бір жағдайда алтын байлық көзі ретінде берілсе, енді бірде сұлулық символы ретінде беріледі. Ал кейде алтынның тамаша эстетикалық табиғаты оның маңызды қызметімен байланыстырылады. Жеке заттардың, әшекейлердің бағасын көрсеткені Құл Әлидің өз дәуірінде тауар-ақша қатынасында білікті маман екенін танытады. Мысалы, асыл тастармен жасалған алтын кесе 400 000 динар, Жүсіптің араб көпесіне сыйлаған алтын білезігі 200 000 динар, Ибн-Йамин ағасына сыйлаған лағыл білезік 1000 динар, екі пұт нан – 200 000 алтын шақша, 1 динар – 1400 ермакқа тең. Құны жоқ 18 ермакқа Жүсіпті ағалары құлдыққа сатқан:

Менде мата бар,-деді Мәлік жауап беріп,
Алтын жоқ,
Тек қана 18 ермак бар.

Соны алыңыз. Үстіндегісін маған сыйға тартыңыз.

Мысырда көпес Мәлік Дұғар Жүсіпті адам айтқысыз бағаға – жарты миллион алтын динарға сатып жібереді. Бұл сәтті мәміле Жүсіпті кездестірместен көп уақыт бұрын оның түсіне енеді: қайырымды құл сатудан ол үлкен байлық пен дүниенің иесі атанады. Мәлік Дұғардың түсін жори отырып көріпкел былай дейді:

Осы құлды арзанға аласың,
Бағалы сыйлыққа ие боласың,
Зор байлыққа кенелесің.
Әрі қарай шаттығыңды көріп отырмын.

Әли дастанында асыл металдардың әлеуметтік-экономикалық мәні әдейі қозғалмайды. Автор алтынның адамдар қарым-қатынасын бұзатын әсерін көрсетпейді. Қайта өрлеу дәуірі

ақынын алтын ең әуелі жердің амандығының көзі ретінде, эстетикалық рахаттың бір түрі ретінде қызықтырады. Ол алтынды бақыт пен сұлулықтың белгісі деп білетін қайта өрлеу дәуірінің романтикалық эстетикасына адал болып қала береді.

Ай жүзді құл Жүсіптің сұлулығы да алтынмен өлшенеді. Көпес Мәлік Дұғар Жүсіп үшін оның таза дене салмағы қанша тұрса, сонша алтын сұрайды. Сөйтіп қалалық сауда базарының таразысының бір жағында Жүсіп, екінші жағында Мысырдың падишахы Кытфирдің алтыны түседі. Осы суретті Құл Әли былай береді:

Сен алтынды әкеліп өлше, - деді Мәлік,
Оның таза салмағына құлдың салмағы жетсін.
Тастың, тиынның салмағы көп болсын,
Әрбір үймеде баланың салмағы болсын,
Өмірші бағамен келісті де үнсіз отырды.
Қазынаға алтынды алуға кетті
Бес жүз мың алтын әкелді. [6]

Бірақ бұның бәрінің салмағы құлдың салмағына жете алмады.

Бұл өлең жолдары дүниенің тетігі адам деп білетін ілім негізінде бірінші кезекке адамды – Жүсіп сұлулығын қоятындығымен есте қалады. Құл Әли алтын да, күміс те, гауһар да, лағыл да адам сұлулығының өлшемі бола алмайды деп баса айтып, адам сұлулығын биік дәрежеде дәріптейді. Сауда орнындағы көріністі автор 3 рет суреттейді. Біріншіде таразы тостағанына 500 000 алтын салынды; екіншіде қазынада қалған барлық алтын мен күміс, үшіншіде Кытфир билеушінің бар байлығы: алмаз, жақұт, меруерт, маржан, мата, атлас, жұпар су. Бірақ қандай жағдай болса да Жүсіп сұлулығын материалдық байлықпен, асыл тастармен, сән-салтанатты бұйымдармен өлшеуге, қатар қоюға болмайтыны анықталады. Билеуші аузынан нағыз өрлеу дәуіріне тән тұжырым жасалады: бар әлемнің материалдық құндылығы адамның сұлулығына тең келе алмайды. Осылай Құл Әли адам сұлулығын абсолютке айналдырып жеткізеді, адам тұлғасына биік баға береді. XIV ғасырда осындай ойды эзирбайжандық қайта өрлеу дәуірінің өкілі Насими да айтады: «Адам – ең бағалы, ұлы жаратылыс. Асыл тастар мен металл арасынан қазына іздеген адам қатты қателеседі». Бұл Құл Әли мен Насимидің ортағасырлық саяси және діншіл жүйесімен жасырын әрі ашық түрде айтысып жүріп жасаған адамның сұлулығы мен ұлылығы туралы батыл тұжырымы болды.

Алтын, күміс, т.б қымбат дүниелердің бейнесін Құл Әли сарайлар мен айналадағы ортаны суреттегенде кеңінен қолданады. Зылиханың Жүсіппен кездесуі үшін салынған сарайдың ішкі көрінісі алтынмен, күміспен, гауһармен шағылысқан нұрымен, шұғыласымен, әдемі жабдығымен таң қалдырады. Бұл сарайдың күмбезі сары алтыннан, ал қабырғасы нұрлы шыныдан жасалған, алтын, күмісі жалтырап көз тартады. Сарай маңында алтын бұта өседі, алтын ағаштар, бақта алтын аттардың, күміс бұқаның мүсіні, тақ, Зылиханың күн сәулесімен әсемделген тәжі; ғашықтарға үлкен метал ыдыспен аспаз қызмет етеді. Мысалы:

Қызметшілердің ептілігі сарайға інжу дарытады,
Алтын ағаштар айналада
Жапырақ жайсын, шалғын көтерсін,
Ала жеміс өссін.

Бағандар арасында
Алтын жамылған бұта өссін.
Күмістен жасалған
Бұтаның мүсіні орнатылсын.

Есікте алтын тұлпар,
Ер-тұрманы қымбат тастар.
Өртүрлі жеміс беретін
Бір-бірінен асатын ағаштар болсын.

Осы сарай әр уақытта мақтаныш болсын.
Қабырға бойы мыңдаған суреттер.
Өртүсті шыныдан терезе,
Алтын мен күміс жылтырасын. [6]

Әли суреттеген сарайдың эстетикалық әсері күшті. Әли үшін жарық беретін дүниеден ғажап ешнәрсе жоқ. Оның күн, сәуле, ай, жұлдыз, алтын, күміс, т.б асылдар бейнесін жасауы осымен түсіндіріледі. Типологиялық тұрғыдан қарасақ, түркі әдебиеті ақынының сәулелі эстетикасы грузин қайта өрлеу дәуірінің өкілі Шота Руставелидің «жарық» поэмасы мен «Жолбарыс терісін жамылған батырына» өте ұқсас. Екі ақынның сәулелі бейнелері жаңа платоншылардың философиясына негізделген.

Жүсіп сұлулығын беруде санмен жасалған әсірелеулер маңызды рөлге ие. Адам сұлулығын, кейіпкер сұлулығын, кейіпкер қайғысын, адамның күші мен байлығын санмен салыстыру Шығыс пен Батыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында кеңінен таралған әдіс. Сандық әсірелеулер платоншыл, пифагоршыл философияға иек артатын қайта өрлеу дәуірі эстетикасында танымның негізгі қағидасы әрі оларды көркем бейнелеудің жолы болды. Бейнелі жүйені математикалық рәсімдеу әдісі араб, тәжік

қайта өрлеу дәуірінің көшбасшысы Рудакидің (860- 940ж) шығармашылығында кездеседі.

Бұрымын түсірсе болғаны - жүз жүрек шатыққа кенеледі.

Құл Әли “Қисса Жүсіп” дастанында да тамаша дүние тудырады. Мысалы Жүсіп жүзі 100 мың күн сәулесін жалындатады, ағалары үшін Жүсіп 100 мың жаны болса да бәрін беруге даяр; сұлу құлды Мәлік Дұғар көпестен алу үшін Құдыс қаласының бегі 12 мың әскерді жібереді; Жүсіпті сатып алу үшін Мысыр билеушісі Кытфир таразы тостағанының 500 мың алтын динар және қазынасындағы бар байлығын салады; сұлу құл Жүсіп үшін Зылиха 360 киім түрін сатып алады; баласы жоғалғаннан кейін 10 тәулік ішінде пайғамбар Жақып 360 рет есінен адасады. Зылиха салдырған сарай 10 мыңдаған ою-өрнектермен безендірілген. Шеруде Жүсіп 800 мың әскерге басшылық етеді. Жүсіп 40 ердің күшінен асып түсетін күшке ие, 72 тіл біледі. Зылиханың әкесі Таймустың құдіреті мен байлығы да сандық әсірелеумен беріледі: әскері 100 мың ер; қызының жасауын 1000 түйемен, 1000 қашырмен береді, 1000 құл мен кәнізак жібереді. Кытфир Зылиханы 100 мың жақсы ниетпен қабылдайды. Сандық ассоциациялар, әсірелеулер әсіресе XII-XIV ғасырлардағы түркі әдебиеттерінде мол қолданылады. Мысалы авторы белгісіз «Кесікбас кітабында» Кесікбас 50 рет қажылыққа барады; дәудің жер асты патшалығында тұтқында 500 мың мұсылман зарығып отыр; зардап шеккен діндерстерін құтқару үшін жер асты патшалығына түскен батыр Әлиге бірден 300 мың дәу бас салады. «Кесікбас кітабы» мен Хисам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» (басы кесілген сұлтан туралы әңгіме) арасындағы сандар қолданудағы сабақтас байланысты байқау қиын емес. Өз сарайының өткен айбындылығын айтқанда сұлтан оның 40 мың басшысы, 18 мың бегі, 10 мың құлы, 10 мың салық төлеушісі, 10 мың әйелі, 10 мың шарап әкелушісі, тағы басқа болғандығын санамайды.

Құл Әлидің ренессанстық шығармашылық қолтаңбасы сәулет өнерінде, мүсінде, бейнелеу өнерінде, сөз өнерінде айқын көрінеді. Шығармада әр қандай өнер түрлерінің көрініс табуы – ақынның романтикалық, көркем ойының белгісі. Құл Әлидің эстетикалық-романтикалық принциптерінің бастысы – дәріптеушілік. Ол «Қисса Жүсіп» поэтикасының барлық деңгейінде басымдық танытады. Осылайша поэмада суреттелген сарайлар өзінің ерекше сұлулығымен, биіктігімен, қымбат әшекей-

лерімен таңқалдырады. Ақын үлкен шеберлікпен сарайдағы жарықты, бөлмелерді, жануарлардың, құстардың мүсіндерін, адамдардың бейнесін жеткізеді.

Сарай алтын, күміс және әр түсті әйнектерден, қымбат ағаштардан салынған. Сарайдың іші ақық тас, лағыл, інжу, маржанмен әшекейленген.

Үлкен үйдің тірегі бір қатардан табылсын,
Оның бәрі асыл тастан жасалсын.
Інжу, маржан, гауһарға толып сыртына
Барлық бояу-түсмен жарқырасын.[6]

Сарай гауһар шырақтармен сәулеленген, қымбат бағалы тастармен безендірілген, аң терісі жайылған сарай.

Еденге түрлі тері төселіп,
Гауһардан шырағандар жылтылдайды.
Сарайдың ауасы ерекше. Мускус, амброг иісі аңқып тұр.
Әр жерде мускус иісі шығып тұрды,
Гүлденіп бәрі сонда келмек енді.[6]

Келтіріп отырған мысал шығыстың иіс эстетикасы Құл Әлиге мәлім болғанын дәлелдейді. Ол оны тек қана сарайды суреттегенде қолданбайды. Сонымен қатар өз қаһармандарының ішкі және сыртқы құндылықтарын бейнелегенде пайдаланады. Мысалы Зылиханың еріні қош иісті, Жүсіптің шашы – жұпар су, Жүсіп Мысырға келгенде қоршаған орта қош иісті заттарға толады.

Құл Әлидің сарайды бейнелегенде қолданған теңеулері қымбат заттар мен бағалы тастар жайлы болып келетінін жоғарыда айтып өттік. Күннің бейнесі, сәулесі, ай, алтын және күміс сияқты сөздердің қолданысқа түсуін шығыс қағидасына және оның әдебиетіне көрсетілген құрмет деп білеміз. Белгілі дәрежеде олар Алтын Орда кезеңіндегі қала тұрғындарының материалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктеріне негізделген. Тұрандық қолөнер шығыс әлемінде өзінің байлығымен, шебер жұмысшыларымен, әбзелші, қолөнершілерімен танымал болды. Олар қару-жарак, үй заттарын, алтыннан жасалған сән заттарын жасайтын. Бұл деректі археологиялық қазба барысында табылған заттар дәлелдейді. Олар Сарайшық, Отырарда табылған. Сонымен қатар олар Түркі халқының ұлылығы мен байлығы жайлы баяндайды.

«Сарайды рәсімдеуде пұтқа табынушылықтың шығыстық стилі ерекше байқалады», – деп пайымдайды әдебиеттанушы Н.Ш. Хисамов [4, 201]. Егер оқырман бір сәтке болсын сарайды бағалы металсыз, қымбат заттарсыз елестетсе,

ол бірден Құл Әлидің табиғи суреті мен фаунасы, туған табиғатының көрінісі екенін түсінеді. Орман, тал-шілік, жеміс ағаштары, бұтақта ән салып тұрған құстар, сылдырама бұлақтар, үйір жылқылар, жайылып жүрген қара мал – осының бәрі туған жердің ерекшелігі. Оғыз-қыпшақ фольклорының дәстүрімен, басқа да пұтқа табынушылықпен байланысты көріністер поэмада бар. Мысалы, Зылиханың сарайының кірер жерінде күміс бұқалардың ескерткіші тұрады. Оның төркіні жерді мүйізімен ұстап тұрған бұқа жайлы мифпен тікелей байланысты.

Бұл жайтқа ілтипат көрсетуді ғалым А. Тагирджанов ешқашан ұмытпайды. Ғалым салыстырмалы талдау жасау арқылы «Қисса Жүсіптің» басқа ұлттық нұсқалардан айырмашылығын табады. Ол Құл Әлидің бейнелеу амалдары Фирдоусиге, Ансариге ұқсамайтынын айтады [9, 152].

Дастанда суреттелген сәулет өнерінің пейзажды үлкен махаббатқа толы екенін түсінуге болады.

Сарайлардың адамға жақындығы, күн сәулесінің жарығы, сәулет ескерткіштерінің жарығы, сәулет ескерткіштерінің табиғатпен үндесуі, алтының жылтырауы – осының бәрі Құл Әлидің романтикалық көркем әдісі екені анық.

Жоғарыда атап өтілгендей, қайта өрлеу дәуірі кезінде көптеген қалаларды салу барысында әртүрлі ғимараттар тұрғызылды – сарайлар, мешіттер, ер балаларды оқытатын ғимараттар, моншалар т.б. «Қисса Жүсіп» дастанында қонақ күту үшін салынған арнайы сарайлар жайлы жазылған. Бұл сарайлар діни, мәдени мерекелер үшін емес, ғашықтардың жүздесуі үшін Жүсіптің әкесі Жәкіппен және ағаларымен кездесуі үшін салынған.

Барлық суреттеулер мен сипаттамаларды шығыстық қала мәдениетін жақсы білетін, жиһангез, ақылды білімді адам жазғаны бірден көрінеді. Керемет сарайлар, мешіттер, әшекейлер шамдық және византиялық шеберлердің күшімен тұрғызылған.

Әдебиеттер

- 1 Нигматуллина Ю.Г. Национальное своеобразие эстетического идеала. – Казань, 1970
- 2 Усманов Х. Татарская поэзия. // Антология Татарской поэзии. – Казань, 1957
- 3 Абылов Ш. «Йосыф вәзәләйха» поэмасын өйрәнгәндә. – Совет мәктәбә. – 1975. – №8
- 4 Хисамов Н.Ш. Сказочные мотивы в поэме «Кисс-и Йусуф» Кулалы // Материалы IV конференции молодых научных работников. – Казань, 1976.
- 5 Конрад И.Н. Запад и Восток. – Москва, 1972
- 6 Али. Қисса Юсуф. – Архив БФАН РФ ф. 3. – Он. 28. – Ед. хр. 14.
- 7 Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тefsира XII-XIII вв. – Москва, 1956
- 8 Баласағұн Жүсіп Хас-Хаджи. Құтты білік. – Алматы, 1986.
- 9 Тагирджанов А.Т. Влияние поэмы Фирдоуси «Йусуф и Зулайха» на «Кисса и Йусуф» Али и «Йусуф и Зулайха» Шаяд Хамзы // Палестинский сборник. – 1970. – Вып. 21.

References

- 1 Nigmatullina Yu.G. Natsional'noe svoeobrazie esteticheskogo ideala. – Kazan', 1970
- 2 Usmanov H. Tatarskaya poeziya. // Antalogiya Tatarskoy poezii. – Kazan', 1957
- 3 Abylov Sh. «Yosyf vәzәlayha» poemasyн öyrәngәndә. – Sovet мәktәbә. – 1975. – №8
- 4 Hisamov N.Sh. Skazochnye motivy v poeme «Kiss-i Iusuf» Kulali // Materialy IV konferentsii molodyh nauchnyh rabotnikov. – Kazan', 1976.
- 5 Konrad I.N. Zapad i Vostok. – Moskva, 1972
- 6 Ali. Qissa Yusuf. – Arhiv BFAN RF f. 3. – On. 28. – Ed. hr. 14.
- 7 Borovkov A.K. Leksika sredneaziatskogo tefsira XII-XIII vv. – Moskva, 1956
- 8 Balasagyn Zhyisip Has-Hadzhip. Qyttı bilik. – Almaty, 1986.
- 9 Tagirdzhanov A.T. Vliyanie poemı Firdousi «Yusuf i Zulayha» na «Kissa i Yusuf» Ali i «Yusuf i Zulayha» Shayad Hamzy // Palestinskiy sbornik. – 1970. – Vyp. 21.